

табылады. Сөйтіп, бүгінде біздер осы сыңарлармен келген сөздерді автоматты түрде бірге жаза аламыз.

Ендеше қазақ орфографиясы емледе қол жеткізген осы негіздерді өзге түркі тілдеріне ұсына алады. Ал шешімін таба қоймаған басқа қиындықтарды шешуде тустас түркі тілдерінің емлесіне қол созуға бармыз. Сонда біз туыс халықтар мәдениетіндегі жазба коммуникацияның бірегейленуіне осы ғасырда қол жеткіземіз» [6]. Тілшінің осы бір пікіріне түбегейлі қосыла отырып, біз де қазақ, түрік емлелеріндегі бірге, бөлек жазылатын сөздердің ерекшеліктеріне тоқтала отырып, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын айтуды жөн көрдік және тілімізге керегін ұсынуды да жөн санаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. – 490 б.
- 2 Уәли Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы: Ғылым, 1988. – 113 б.
- 3 Уәли Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері. – Алматы, 1993. – 127 б.
- 4 Күдерінова Қ.Б. Бірге бөлек жазылатын сөздердің орфограммасы және оларды кодификациялаудың негіздері.– Алматы: КДА, 2000.– 268 б.
- 5 Күдерінова Қ.Б. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. – Алматы:Елтаным, 2013. – 344 б.
- 6 Күдерінова Қ.Б. Түркі тілдерінің әліпбиі мен емле тарихы. – Алматы: Қазақ тілі, 2016. – 336 б.

FTAХР 16.01

Г.Н. Нұрманова¹

¹Сулейман Демирел университеті
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДА СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Тіл – сөйлеу құралдарының бүтін жүйесі. Сөйлеу құралдары мен сөйлеу әрекетінің түрлерін игеру арқылы тіл үйренуші белгілі бір тілде өз ойын жеткізе алады. Тіл үйренушіге сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда құрылымдық, интерактивті, т.б әдістермен қатар, оқытудың мақсатын, мазмұнын, кезеңдерін құрайтын үш таған әсер етеді. Тіл үйренушілерге қазақша сөйлеуді үйрету, қазақ тілін өмірдің барлық саласында іс жүзінде қолдана білу оқытудың мақсатын құрайды.

Оқытудың мазмұны – тілді үйрету үшін қандай мәселеге басты назар аудару керек, нені оқыту керектігін анықтайды. Сонымен қатар, тілді үйрету мен сөйлеуді меңгерудің негізгі бөлігі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін қалыптастыру дағдыларымен тығыз байланысты.

Кілт сөздер: дағды, сөйлеу әрекеттері, тіл үйренуші.

Аннотация. Язык является целостным инструментом разговорных коммуникаций. Приобретая определенные разговорные навыки и умения, учащийся может донести свои мысли на обучаемом языке. Наряду с некоторыми структурными, интерактивными и другими методическими подходами существуют три фактора, такие как цель, содержание и этапы обучения, которые влияют на коммуникационные компетенции при изучении языка. Целью языкового образования является обучение студентов говорению на казахском языке, возможность его использования в различных сферах. Содержание языкового образования концентрируется на вопросах преподавания языка, которые требуют большей части внимания на том, чему необходимо обучить учащегося. Важно подчеркнуть, что языковое образование и коммуникативные навыки тесно связаны с построением фонетических, лексических и грамматических компетенций.

Ключевые слова: компетентность, разговорные навыки, изучение языка.

Abstract. Language is a wholesome system of communicative speaking tools. By acquiring certain types of language tools and speaking techniques a language learner is able to communicate his or her thoughts. Along with some structural, interactive and other methodical approaches there are three factors such as aim of teaching, contents and stages that influence communication competences while learning a language.

The aim of language education can be envisioned as teaching students to speak in Kazakh language and to be able to use it in different domains. The content of language education concentrates on the issues in language teaching that require most of the attention and what is needed to be taught. It is important to emphasize that language education and communicative skills are closely related to building phonetic, lexical and grammatical competencies.

Key words: competence, speaking techniques, a language learner.

Тіл меңгеруді қолға алған әр тіл үйренушінің сол тілдің оқу мен сөйлеу, жазу мен тыңдау, қарым-қатынас жасау заңдылықтарын үйренуі негізгі мақсаты болып табылады. Осы мақсат негізінде тіл үйренуші бойына бірінші сөйлеу дағдыларын қалыптастыруы тиіс.

Дағды дегеніміз – әрекеттің адам бойында орнығуы. Атақты физик М. Лауэ оқу, білім жөнінде айта келіп: «Білім – бүкіл оқығандарың ұмытылып қалғанда, бойыңда сақталатыны», - дейді. Бұл сақталып қалатын не? Ол – әдет, сенім, бағыт, дағды және қабілет – міне, нағыз білім – осылар! Ал, психолог С. Л. Рубинштейн «Дағды – саналы түрде автоматталған қимыл-әрекет түрінде көрінеді, ал сонан соң әрекеттің автоматталған тәсілі ретінде қызмет атқарады» - деп көрсетеді [1].

Ал, әл-Фараби «дағды» деген ұғымға ол төмендегідей анықтама береді: «Дағдылану деп мен бір әрекетті жиі-жиі ұзақ мерзімге қайталап отыруды айтамын» [2].

Байқап қарасақ, дағды ұғымына берілген жоғарыдағы анықтамалар әрекеттің үнемі қайталанып отыруымен, білімнің көрсеткіші ретінде түсіндіріледі. Ал, тілдік дағды – қарым-қатынас үдерісінде автоматталған тілдік материалдарды қолдану әрекеті. Тіл – сөйлеу құралдарының біріккен жүйесі. Сондықтан да сөйлеу құралдары мен сөйлеу әрекетін, олардың түрлерін жан-жақты игермей тұрып, белгілі бір басқа тілде ойды жеткізу мүмкін емес. Сөйлеуді меңгеру дегеніміз – тіл үйренушінің айтайын деген ойын ауызша және жазбаша түрде екінші адамға түсінікті етіп жеткізуіне мүмкіндік жасау [3].

Тілді оқытудың мақсатын, мазмұнын, тәсілдері мен құралдарын және тілдің материалдары арқылы оқыту мен тәрбиелеу әдістерін зерттейтін әдістеме ғылымының негізгі объектісі – әдістемелік құралдар, бағдарламалар, түрлі әдіс-тәсілдер, т.б болып табылады.

Тіл үйренушінің бойында сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда әдістердің орны ерекше. Тіл оқытуда жиі пайдаланылатын әдістер: құрылымдық (тілді грамматикамен байланысқан құрылымдық жүйе ретінде қарастырады), функционалдық (тілді белгілі бір функцияны білдіру мен оны іске асырудың құралы ретінде қарастырады) және интерактивті (тілді әлеуметтік қарым-қатынасты жасау мен оны қолдауды іске асырудың құралы ретінде қарастырады) әдістердің орындалуымен тіл үйренушіге грамматикалық біліммен қатар қоғамдық ортада өзін-өзі ұстауына мол мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазақ тілін оқыту мен сөйлеуге үйрету әдістері үш түрлі ерекшелікке байланысты жүзеге асырылады: оқытудың мақсаты, оқытудың мазмұны, оқытудың кезеңдері.

Оқытудың мақсаты – тіл үйренушілерге қазақша сөйлеуді үйрету, қазақ тілін өмірдің барлық саласында іс жүзінде қолдана білу, қазақша тілдесуді іс жүзіне асыру. Көптеген лингвистикалық әдебиеттерде оқытудың мақсатына жоспарланған оқу процесінің нәтижесі жатады.

Жалпы қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқытуда білімдік мақсат, тәрбиелік мақсат, қатысымдық мақсат, практикалық мақсат көзделеді. Қатысымдық мақсат қазақ тілін адамдар арасындағы тілдесімді, сөйлесімді жүзеге асыратын, олардың бір-бірімен тілдік қарым-қатынасын қамтамасыз ететін құрал ретінде оқытуды талап етеді. Қазақ

тілі алдымен бір ұлт пен екінші ұлттың түсінісу, сөйлесу құралы болуы керек. Тіл осындай мақсатты жүзеге асыру үшін үйретіледі. Оқыту осы мақсатқа негізделіп жүргізіледі.

Практикалық мақсатқа тілдік қарым-қатынаста қолданылатын қатысымдақ тұлғаларды іс жүзінде ауызша және жазбаша түрде меңгеру жатады. Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқыту тіл үйренушілерге заттарды, құбылыстарды қабылдаудың жаңа жолдары мен құралдарын үйрету негізінде жүреді. Сөйлеу ерекшеліктерін меңгерген оқушы өз ойын ауызша және жазбаша түрде іске асырады. Бұл тілді қолданудың тәжірибелік көрінісі. Сол себепті тіл үйренушілер тілді адамдармен қарым-қатынас құралы ретінде үйренгені дұрыс. Тілді іс жүзінде, күнделікті өмірде қолдана білуге үйретудің жолы деп әдістемелік әдебиеттерде көбінесе арнайы тақырыптар алынып, лексикалық материалдарға ерекше көңіл бөлініп жүр. Мұндай тақырыптар оқулықтарда жиі қайталанып келеді. Мысалы, «Отбасы», «Жатақхана», «Менің жұмыс күнім», «Демалыс», «Асхана», «Дүкенде», «Қонақта».

Тақырып арқылы сөйлеуге үйрету, біріншіден, тіл үйренушілерге не туралы айту керек екенін аңғартса, екіншіден, қалай айту керек, қандай сөздерді білу керектігіне назар аудартады. Сол себепті тақырыпты басты белгі ретінде алып, сол тақырыптың төңірегінде әңгімелесу тіл үйренушіге оған қатысты өмірлік жағдайларды меңгеруге жәрдем береді. Бұл ретте тақырыппен қатар сөздік, грамматика, дыбыстардың айтылуы, тілдік ережелер мен заңдылықтар-бәрі комплексті түрде бірге жүргізіледі. Егер тақырыпты меңгеру аудиторияның аумағынан аспай, сыртқы өмірде қолдану аясы шектеліп қалса, сабақ қанша жақсы өткенімен, іс жүзінде сөйлеудің болмағаны. Мұндай жағдайда оқытудың мақсаты да орындалмайды.

Тілді оқытудағы келесі мақсат – тәрбиелік мақсат. Тіл үйренушіге тілді үйрете отырып, оған адамдармен қандай қарым-қатынаста болу қажеттігін үйретуге тура келеді. Адамдардың бір-біріне деген құрметін, өзара тіл табысуын, тез түсінісуін қалыптастыруға тура келеді. Тіл үйренушілер өзара ұғыныстық қатынаста болса, тілді де тез меңгереді, бірінің білмегенін екіншісі үйретеді. Сонымен қатар, белгілі бір тілді үйрене отырып, сол арқылы қарым-қатынасқа түсе отырып, тіл үйренушінің іштей өзіндік көзқарасы қалыптасады, ол әлеуметтік ортадан өз орнын табуға тырысады, басқа адамның сөзінен, бойынан жақсы қасиеттерді көруге бейімделеді.

Тілді оқыту, үйрету білімдік мақсатты да көздейді. Тіл үйренуші өз ана тілінен басқа екінші тілді үйрене келе, онда жеткізудің жаңа тілдік амалдарын меңгереді. Екінші тілде сөйлеу арқылы ол жаңа мағыналармен, ұғымдармен танысады, оның ойлау жүйесі дамиды, таным аясы кеңейеді. Тіл үйренушілер тілді оқып-меңгере келе, бір тіл мен екінші тілді салыстыра отырып, тілді үйренудің жедел әрі тиімді

жақтарын іздестіруге тырысады. Сөйтіп, оның ойлау қабілеті жетіледі. Тіл үйренуші жаңа грамматикалық заңдылықтарды, ережелерді есте сақтап, оларды іс жүзінде қолданады, тілдік тұлғалардың байланысу түрлерін меңгеріп, сөйлеу кезінде пайдаланады. Ана тілінен басқа тілде сөйлеу арқылы тіл үйренуші оқығанын жинақтауға, талдауға, салыстыруға, қорытуға қалыптасады. Сөйтіп, оның ойлау жүйесі жаңа біліммен толығады.

Оқытудың мазмұны – тілді үйрету үшін қандай мәселеге басты назар аудару керек, нені оқыту керектігін анықтайды. Екінші тілдерді оқыту әдістемесінде бүгіндері тіл үйренушіге тілден бұрын сөйлесуді үйрету керек деген пікір тұрақтала бастады. Өйткені өзге бір тілді меңгеру – үйренетін тілдің лингвистикалық ережелерін жинақтап білу емес, ол екінші тілдің сөйлеу құралдары мен әрекетін, тұлғаларын дұрыс пайдалана білу, сол арқылы сөйлесетін дәрежеге жету. Сондықтан алдымен сөзді, сөйлеуді негізге ала келіп, содан соң тілді үйретуге көшкен жөн. Яғни, бүкіл оқыту жүйесі тілмен түсінуді қамтамасыз етуге бағытталған сөйлесімді үйретуге қатысты жүруі керек. Тілді оқыту дегеніміз – тіл үйренушілердің басты назарын тілдің жүйелік ерекшелігіне аударту. Мұнда тілдің жүйелік сипатын көрсететін фонетика, лексика, грамматика - әрқайсысы жеке-жеке талдап оқытылады. Тілді осылай лингвистикалық күрделі құбылыс ретінде оқыту тіл үйренушіге ғылыми тұрғыдан жүйелі, терең білім бергенімен, оны қарым-қатынас құралы есебінде қолдануға мүмкіндік жасай алмайды.


Сөйлеуді меңгеру дегеніміз – тіл үйренушінің айтайын деген ойын ауызша және жазбаша түрде екінші адамға түсінікті етіп жеткізуіне мүмкіндік жасау.

Сөйлеуді үйрету – күнделікті өмірде кездесетін жағдайларға байланысты адам өз ойы мен пікірін тұжырымдау; сол ойды сөзбен бейнелеудің, сөйлем арқылы түсінікті түрде жеткізудің амалдарын игерту. Сөйлеуді үйрету, негізінен мынадай ерекшеліктерді тікелей меңгеруге байланысты: сөйлеуге қатысатын тұлғалар мен тілдік құралдардың қолданылу амалдарын жете игеріп, оларды қажетті жағдайға орай жұмсай білу; екінші тілде сөйлеудің машығын үйрету, тіл үйренушінің тілді қолдану дағдысын дамыту, оқыту кезінде сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін бірге игере білу, ойды дұрыс жеткізуге әсері бар барлық негізгі және қосымша құралдарды пайдалану. Оқытудың мазмұны бірнеше құралдарға сүйенеді: лингвистикалық құралдар, әдістемелік құралдар, машықтық құралдар, техникалық құралдар. Қазақ тілінде сөйлеуді үйрету үшін қолданылатын оқыту әдісінің мазмұны оқушының тілдік қарым-қатынаста жинаған білімінің, қалыптасқан дағдысының, игерген шеберлігінің жиынтығына байланысты.

Сонымен тілді оқытудың мазмұндық құрамы мыналар:

- тілдік материалдар;
- сөйлеу дағдылары мен шеберліктері;
- қатысымдық тұлғалар;
- ана тілінде жоқ тілдік ұғымдар;
- үйренетін тілдің өзіне тән айырықша ерекшеліктері.

Оқытудың мазмұндық құрамына қарай жүргізілетін әрекеттер:



Сыз.1. Оқытудың мазмұндық құрамы

Оқытудың кезеңдері – тілді үйрету барысында оқушы мен оқытушының өткеретін жұмыс уақытының өлшемдері мен ерекшеліктері. Қазақ тілін үйрету бірнеше кезеңдерге бөлінеді:



Сыз.2. Оқыту кезеңдері

Қорыта келе, оқыту әдісінің мақсаты, мазмұны кезеңдері – бәрі ортақ бір мәселеге келіп тіреледі. Ол – тілдік материалдар мен құралды олардың қолданылу ерекшеліктерін тілдік қарым-қатынасқа түсе алу үшін меңгеру.

Тілді үйрету мен сөйлеуді меңгерудің негізгі материалдық базасы оның фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін

қалыптастыру дағдыларымен тығыз байланысты болғандықтан, қазақ тілін осы салаларға қатысты оқытудың басты-басты белгілеріне тоқталған жөн. Басқа ұлт өкілдерін қазақша сөйлеуге үйрету үшін фонетикалық, лексика, грамматиканы оқыту барысында оқушылардың білім дағдысын қалыптастыру мен жетілдірудің өзгешелігі бар. Бұл тілдік салалар мен материалдарды тізбектеп оқыта берумен емес, керісінше, олардың ішінен сөйлеуге қажетті ең керектілерін сұрыптап ала білумен, сөйлеу материалдарын танумен, оларды дұрыс қолданумен, сөйлеу әрекетінде тиімді пайдалана білумен ерекшеленеді [4].

Сөйлеуге үйретудегі негізгі мақсат тілдік материалдарды оқушыларға таныстыру емес, оларға фонетикалық, лексикалық, грамматикалық материалдардың қолданылу заңдылықтары мен амалдарын үйрету, оларды сөйлеу кезеңінде дұрыс жұмсауға дағдыландыру екенін естен шығармау керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Нағымжанова Қ. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың теориясы мен технологиясы. – Өскемен, 2007. – 97 б.

2 Әбілова З., Қалиева Қ. Этнопедагогика оқулығы. – Алматы: Қаз. ХҚ және ӘТУ-ті, 1999. – 394 б.

3 Шакенова А.М. Қазақша сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың кейбір жолдары (орыс аудиториясындағы қазақ тілі) [Электрондық ресурс]. – 2006. – URL:<http://orkeniet.vkgu.kz> (айналым мерзімі: 22.06.2017).

4 Оразбаева Ф. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 368 б.

FTAХР 16.31

А.О. Атейбек¹, Х.А. Ордабекова¹

¹Сулейман Демирел университеті, Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аңдатпа. Бұл мақалаға қазіргі қазақ жастарының сөйлеу тіліндегі ерекшеліктері мен ауытқулары мәселесі негіз болып отыр. Мақалада қазіргі қазақ жастарының сөйлеу тіліндегі кездесетін ерекшеліктер мен ауытқулардың тілдегі көрінісі айқындала отырып, оған әсер етуші факторлар жайында сөз қозғалады. Сондай-ақ, зерттеу жұмысы барысында жастардың күнделікті коммуникациясы кезінде байқалатын тілдегі